# «Ақтөбе облысының білім басқармасы Қобда ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Нұрлы болашақ» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның өзін-өзі бағалау қорытындысы

**Қобда, 2022-2023**

# МАЗМҰНЫ:

1. Өзін -өзі бағалау бұйрығы *(1қосымшада)*

2. Өзін -өзі бағалау жұмыстарының мақсаты мен міндеттері

3. Құрылтайшылық құжаттары

4.Оқытушылық және оқыту

5.Білікті қызметкерлердің болуы

6.Қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау

7.Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету

8.Тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база

**«Нұрлы болашақ» бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының өзін -өзі бағалау жұмыстарының мақсаты мен міндеттері**

***Мақсаты***: мектеп жасына дейінгі балалардың дені сау, дербес,білуге құмар, көпшіл,креативті,сын тұрғысынан ойлауын қалыптастыру және әлеуметтендіруге бағытталған тәрбиелеу мен оқыту жүйесін қалыптастыру .

***Міндеттері:***

1) Дамытушы орта ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етілетін баланың физикалық ,психологиялық, әлеуметтік,эмоциональдық денсаулығы мен қауіпсіздігін қорғау және нығайту,оларды салауатты өмір салты құндылықтарына бейімдеу;

2)Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қызығушылықтары мен білуге құмарлықтарын,дербестікті,зияткерлік ынталарын қанағаттандыру,жалпы адами және ұлттық құндылықтарға бейімдеу негізінде қабілеттерін дамыту;

3)Балалардың мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды,дамыту мен білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша кешенді шараларды ұйымдастыра отырып,тәрбиеленушілердің білім беру бағдарламаларын игеруіне жағдай жасау;

4)Баланың өз бетінше таңдауын,күні бойы өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін ,бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалды бар дамытушы орта.

5)Балаларды еңбекқорлыққа, Отанын, отбасын, табиғатын сүюге тәрбиелеу

6) Инклюзивті білім кеңестігі- ерекше білімді қажет ететін баланың жеке қажеттіліктерін ескере отырып,психологиялық –педагогикалық қолдаудың пракатикаға бағдарланған технологияларын қолдану.

7) Ата-аналармен өзара әріптестік іс-қимыл орнату арқылы тәрбиелеу мен білім беру процесіне тарта отырып ашықтықты, тығыз ынтымақтастықты және ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыра отырып,балабақшаның қызметтеріне қанағаттануын қамтамасыз ету.

**«Нұрлы болашақ» балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын туралы жалпы**

**МӘЛІМЕТ**

**1. Білім беру ұымының атауы:** « Ақтөбе облысының білім басқармасы Қобда ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Нұрлы болашақ» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

**2. Білім беру ұйымының орналасқан жері:** Қазақстан, Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Қобда ауылдық округі, Қобда ауылы, көшесі Астана, ғимарат 45, пошта индексі 031000

**3. Заңды тұлғаның байланыс деректері:** Телефон: (871341)21-4-53;
Электронды пошта: ertleuova_zhumaziya@mail.ru
Web-сайт:

**4. Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері:** Директор: Ертлеуова Жумазия Сайлауовна
01.10.2013 жылғы № 45 «Ақтөбе облысы, Қобда аудандық білім бөлімі басшысы » ММ жұмысқа қабылдау туралы бұйрығы; *(қосымша 1)*

**5. Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттар:**
**6. Рұқсат беру құжаттары**

**Оқытушылық және оқыту**

«Нұрлы болашақ» МКҚК-да жылдық жоспар оқу жылының басында талданып педагогикалық кеңесте бекітілген. Педагогикалық кеңестің хаттамалары өткен педагогикалық кеңестегі қаралған мәселелердің шешілгендігін талдау арқылы басталып отырған, сауатты, жан-жақты, нақты жазылған.

Педагогикалық ұжымның іс-әрекеті нормативтік құжаттармен реттеледі. «Нұрлы болашақ» МКҚК педагогикалық ұжымы оқыту-тәрбиелеу процесін:

-ҚР «Білім туралы» Заңына;
-Жарғысына;
-Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
-Оқу жұмыс жоспарына;
-Ішкі тәртіп ережелеріне;
-ҚР Білім және ғылым министрлігінің, облыстық білім басқармасының және аудандық білім бөлімінің бұйрық, нұсқау, қаулыларына сәйкес ұйымдастырады.

"Нұрлы болашақ" бақшасына балаларды қабылдау мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы бұйрығына сәйкес, мектепке дейінгі мекемелерде құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау мемлекеттік көрсетілетін стандарт талаптарға сәйкес жүргізіледі.

Ата-аналарға арналған кеңес беру бұрышы ұйымдастырылып, жауапты маман бекітілген. Ата-аналармен келісім-шарттар жасалған. Балалар қозғалысы журналы, жолдамаларды тіркеу журналы талапқа сай. Құжаттар іс-қағаздар номенклатурасына сәйкес жүргізіледі.

Мектепке дейінгі мекеменің әр жылға арналған оқу жұмыс жоспары аудандық білім бөлімі басшысымен келісіліп, меңгерушімен бекітілген Жылдық жұмыс жоспарларында өткен оқу жылдарына қорытынды жасалып, атқарылған жұмыстар талданған, алдағы оқу жылының мақсат-міндеттері көрсетілген. Әр топтың ұйымдастырылған іс-әрекетінің жылдық перспективалық жоспары білім беру салаларын («физикалық дағды», «танымдық дағды», «шығармашылық дағды», «әлеуметтік-эмоциональдық дағды», «коммуникативті дағдыларды») ескере отырып құрылған.

Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиелеу мен оқыту Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша жүргізіледі. 2022 - 2023 оқу жылының ұйымдастырылған іс-әрекетінің жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жыл 3 тамыздағы №348 бұйрығы негізінде жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жыл 9 қыркүйек №394 бұйрығы негізінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары, , Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жыл 14қазан №422 бұйрығы негізінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын, 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатты негізге алып құрастырылды.

ҚР-сы Үкіметінің 2021 15 наурыздағы 137 қаулысы бекітілген мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін жүзеге асыру мақсатында «Өсу нүктелері» құзіреттілік орталықтары», «мектепке дейінгі ұйымдағы топта күні бойында екі педагог» пилоттық жоба,мектепке дейінгі тәрбиелік пен оқыту сапасын бақылау өлшем шарттары апробациядан Ақтөбе облысы,Қобда ауданы, «Нұрлы болашақ» балабақшасы өтті.Модель міндеттерінде көрсетілгендей инклюзивті білім беру,мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту мазмұнын өзгерту,сапа өлшем шарттарын айқындау,ұлттық ерекшілікті ұштастыру,зерттеу жұмысының мәдениетін қалыптастыру,педагогтердің кәсіби өсуін үздіксіз қамтамасыз ету балабақшамыздың басты назарында.Балабақшамызда тәрбиелеу мен білім беру процесінде балалар іс-әрекетінің ұйымдастырылатын ойын,танымдық,коммунакативтік,шығармашылық,эксперимент,заттық,бейне-леу түрлері қолданылады. Пилоттық жобаны жүзеге асыру барысында педагогтерге сырттай бақылау арқылы кері байланыс беріліп, өңірлік әдіскерден әдістемелік көмек көрсетілді.Жол картасын басшылыққа ала отырып, эксперимент топқа екі айлық көлемінде жоспар құрылып, топ балалары таңдалып, күн тәртібі жасалды. Эксперменттік және бақылау тобының ата-аналарына сауалнама жүргізілді.Күнделікті жұмысы бойынша әдіскер рефлексиясы,тәрбиешілер рефлекция толтырылып тұрады.Сонымен қатар топ бөлмелерінде заттық-дамытушы орта баланың қызығушылығына қарай орталықтары бойынша аймақтарға бөлініп, заттар, материалдар, қабырғалар мен едендер – бәрі білім ресурсы ретінде қолдануға жағдай жасалып жабдықталды. Ортаның қанықтылығы және -қолжетімділігі – балалардың дербестігінің, белсенділігінің және педагогтардың шығармашылығының артуына ықпал етті. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер тек үстелде ғана емес орталықтарда,кілем үстінде өткізіледі.Байқағанымыз балалардың эмоциялық жайлылығына, шығармашылығы мен қиялының дамуына оңтайлы екені көрінді.Балалар үшін әр жұмыс күні таңғы жиыннан басталады.Таңғы жиын балалардың ертеңгілік жаттығу жасау,бір-біріне тілек айту жағымды әуен тыңдау түрінде өтеді.Таңғы жиыннан кейін негізгі орталықтардың жұмыстары басталады.Орталықтардағы жұмыстар тәрбиешілерден үлкен жауапкершілікті,шығармашылықты қажет етеді,өйткені берілетін материалдар күнделікті ауыстырылады.

Әр түрлі орталықта жұмыс жасау кезінде балалар өздерін әр қырынан көрсете отырып,жұмыстануы,олардың танымдық қабілеттерін дамытуы арқылы білімдерін шыңдай түседі. Балабақшада ұлттық бұрыштар,өнер (театр),саяхат (арктика,африка) орталықтары,ғылыми зерттеу орталықтары,шахмат,құрылыс (модулдер),жер шары ғаламшары трансформацияланатын дидактикалық ойындар,тыныштық орталықтары жұмыс істейді.Әр орталықта 6-8 баламен жұмыс жүргізіледі.Ұлттық-дидактикалық ойындарды жинақтап ойын

ойнаса,көркем әдебиет орталығында балалар ертегілер тыңдап,өнер орталығында өздеріне ұнаған ертегі кейіпкерлерін бейнесін салады,театр орталығында өзіне ұнаған ертегі кейіпкерін сомдайды.Сонымен қатар математика,құрылыс орталықтарында логикалық-ойлау қабілеттерін ,ой-өрісін белгілі бір нәрсені құрастыру,ойындар,қызықты тапсырмалар беріледі.Орталықтарда белгілі бір уақыт жақындағанын олардың жұмыстарын аяқтау,ауысуға дайындалуға қажеттіліктері естеріне салынады.Ауысудың уақыты жеткен мезгілде сылдырмақ дыбысымен немесе қол шапалақтау сияқты белгілер беріледі.Орталықтағы көрнекі құралдарды мазмұнды суреттердің ертегі кейіпкерлердің,қуыршақ театры,түрлі ойыншықтардың үлестірмелі құралдардың жеткілікті болуы,ұйымдастырылған іс-әрекет өткізуде тиімді нәтиже берді.Сонымен қатар тәрбиешілердің бірге күні бойы жұмыс жасауы тиімді әрі ыңғайлы, бірін-бірі толықтырып отырып, жеке әр баламен жылы қарым-қатынаста болуға көп уақыт бөле алатыны сезілді. Ата-аналарда осы пікірді қолдап, күні бойы екі педагогтың бірге жұмыс жасауына деген жақсы көзқарастары туралы ойларын ортаға салды. Балабақшамызда жылдық міндеттерінде көрсетілгендей дені сау,дербес,білуге құмар,тіл табысқыш,сын тұрғысынан ойлай алатын балаға жағдай жасалынуда.Бұл баланың даралығы мен субьектілігін қолдауға бағытталған транформацияланатын ойын және тақырыптық орталықтар,инклюзивті дамытушы орта ,ұлттық мәдениет пен дәстүр арқылы балалардың жеке қасиеттерін қалыптастыруға ,ата-аналармен ынтымақтастықты кеңейтуге жұмыстар жасалынуда.

«Өсу нүктелері» құзіреттілік орталықтары, Мектепке дейінгі ұйымда ғы топта күні-бойында екі педагог пилот жобаларын және мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын бағалау өлшем шарттарының апробациясынан «Нұрлы болашақ» балабақшасы екінші айында жұмыс жасауда.Мектепке дейінгі дамыту мен тәрбиелеуді дамыту моделін іске асыру мақсатында қазіргі теорияларды ұлттық ерекшеліктермен үйлесімді ұштастыру негізінде әр баланың қызығушылықтарын ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып,ұлттық ойындарды пайдаланып,жайлы жағдай жасадық.Ішкі кеңістіктің ұйымдастырылуы қол жетімділігі,және қауіпсіздігі жихаздардың балалардың жасына сәйкестігі,оның сапасы,ойыншықтар материалдар дамытушы ойындар жеткілікті болуы және олардың түрлерінің болуы балалардың дамуына жетістікке жетуіне,тәрбиелеу мен білім беру процесінің міндеттерін табысты шештік.Балаларға мейірімділік пен сүйіспеншілік танытып,қарым-қатынасқа жайлы жағдай жасап,қауіпсіз заттық-кеңістік дамытушы ортаны ұйымдастырып,тиімді қолдандық.Педагогтердің балалармен әрекет ету кезінде мектеп жасына дейінгі балалардың дамыту әдістемесін меңгергені байқалады.Өз тәжірибесіне талдау жүргізіп,циклограмманы толықтырады,ойында өзінің жасаған бұйымдарын

қолданады,тәрбиеленушілердің негізгі әрекетінің түрлерін басқарады.Тобындағы балалардың психологиясын біледі,балаларына қолдау көрсетеді.Балалардың физилогиялық даму ерекшеліктерін,үстел басында дұрыс отыруын,қимылды ойындарда қауіпсіздікті сақтайды.Топта тазалық пен тәртіп сақтап,зерттеу жұмыстарын жасайды. «Су құпиясы», «Бұршақтар билейді», «Не ауыр,не жеңіл», «Жемістер мен көкөністер бейнесі», «жұмыртқаның қасиеті»зерттеу жұмыстары жүргізілді.Балаларересектерге достарына көмектесуді ,Мәдени-гигиеналық дағдыларды меңгерген. Топта цифрлық ресурстарды ұйымдастырылған іс-әрекеттерде пайдаланады.Балалардың қызығушылықтары қоршаған әлемді тануға бақылауға зерттеу жасауға үнемі асығып тұрады.Тәрбиеленушілер тыңдауға,түсінуге және өз ойын жетуге үйреніп келеді.Балалар белсенді баяу ойындарда ұлттық ойындарда белсенділік көрсетіп,жатты.Өз-өзіне қызмет көрсету және дербес әрекет көніл бөлінген.(киіну,шешіну,ойыншықтарын жинау). Сюжетті ойындарды өз бетінше ұйымдастырып ойнайды. «Дәрігер», «Жөндеу орталығы», «Асханада», «Шаштараз», «Кітапхана», «Дүкенші».

Табиғи материалдармен ойындар,ертегілерді тыңдайды.Табиғи материалдардан қайық,балапан,ақшақар,тасбақа,кірпі жасалды.Түскі ұйқы алдында ертегі тыңдау үрдісі қалыптасқан.Атап айтсақ, «Бауырсақ», «Шалқан», «Үйшік», «Үш аю», «Үш торай», «Бармақтай бала». (бала қызығушылығына қарай) команда да жұмыс істеуге төселген. «Пішінді тап», «Ғарышта», «Күзгі ағаш», «Су асты әлемі», «Үй құстары».

Кітаптарда суреттерді қарап,суреттер бойынша сұрақтар қойып үйренген.Педагогтердің бір-бірімен тиімді үйлесімді жұмыс нәтижесін көрдім.Педагогтер ұйымдастырылған іс-әрекеттің бірнеше түрлерін кіріктіретін мақсатты ойындарды ұйымдастырады.Серуен уақытында,ұйымдастырылған іс-әрекеттің түрлерін кіріктіреді.Ата-аналармен жұмыстың тиімді әдістерін қолданып,жұмыс жасайды.Ата-аналармен игі істер күні қарсаңында кітап бұрышы ұйымдастырылды.

Ата-аналар ашық есік күндері балалармен зерттеу жұмысын жасап талдады.Ұйымдастырылған іс-әрекеттерден ата-аналарға бейне жазба жіберіледі.Педагогтер балалардың қабілеттерін дамыту жұмыс жасап,атаналарды жұмысқа тартып,кеңес береді.Педагогтың нәтижелі тәжірибесі арқасында балаларда ілгерлеушілік,балалардың дербестігі,дамыған.Балалар бастама көтере алады,өз қажеттіліктері бойынша ойын ашық жеткізе алады.Бір-бірімен тату қарым-қатынас жасайды,ойыншыққа талас сиреп келеді.Эксперимент топтың қазіргі жағдайы жайлы жағдай,қауіпсіздік ,ортаның қолжетімділігі,жағымды атмосфера,қолайлы микроклимат қалыптасқан.

Өлшемшарттарды өзін-өзі бағалау құралы ретінде қолданып бақылау арқылы жүргізіп,және әр көрсеткішке баға берілді.Балалардың көбі қатысып отыратын белсенді кезеңді бақылау арқылы қажетті ақпараттар толығырақ жинақталды.Бұл ретте ойын уақытын толық бақыланды.Себебі,не болатынын бақылап,балалардың бәрітәжірибе алатын-алмайтыны қадағаланды.Сол арқылы өлшем шарттарына шынайы бал қойылды.Өлшемшарттарымен бағалау кезінде педагогтермен немесе басқа қызметкерлермен сұхбат жүргізіліп отырды.Ол үшін үздіксіз бақылау,күн тәртібіне сәйкес әртүрлі уақыттағы қысқа бақылаулар жұргізіліп отырды.Педагогикалық процесс бойынша бақылау стандартта көрсетілген кіріктіріліп,өткізілетін ұйымдастырылған іс-әрекет түрлерінің қамтылуы мен сапасына мән берілді.

Педагог мақсатты ойындарды ұйымдастырып,ресурстар ойын аяқталғанша баларға қолжетімді болды.Балалардың режимдік сәттер мен бір әрекет түрінен екінші әрекет түріне ауысқанда уақытты ұтымды пайдаланды.Өлшемшарттарды қолдану үшін бақылау жүргізу кезінде педагог жұмысына,балалар іс-әрекетіне еш кедергісін келтірген жоқ.Балалар кезекшілік атқарып,бір-біріне көмектесу дағдысы қалыптасты.

Материал,жабдық,жихаз балалар үшін қолжетімді.Педагогтың ұйымдастырған жұмысына,ойынға,ортаға,ойыншыққа қызыққанын,әуестігін білдіріп балалар бастама жасайды.Емін-еркін отырады,ойын еркін жеткізе алады.Сурет салуға арналған сенсорлық материалдарды пайдалана алады.Балалар тамақтанар алдында қол жуып,отыруға дағдыланған.Жеке жұмыс қабілеті мен қажетіне қарай ызығушылықтарына жасайды.Қай әдісті қолданса да балалар да жұмыс жасауға талпыныс бар.Қай материалды пайдаланса да өзі таңдау мүмкіндігіне ие,еркін ойындарда балалар алғырлық танытады.Ойын түріндегі тапсырмаларды көбірек орындайды.Текше құрастырып,рөлдік ойындар,кітап пайдалану,ойын аймақтарында топпен де жұптық болып та,үштікте де  ойнау балаларға дағдыға айналды.Зерттеу нәтижелері негізінде сапаны бағалау өлшемшарттарын өзін-өзі бағалау құралы ретінде балабақшамызда кешенді бағаланды,қажетті жұмыстар нақты анықталған бағытта жүргізілді.Өлшемшарттардың ішінде баланың қоршаған ортасы мен педагогикалық процестің жағдайын бағалауға мүмкіндік беретін индикаторлардың болуы тәрбиешілердің баланың қызығушылығын қаншалықты қолдайтынын,жеке көңіл бөлуін және үйлесімді дамуына жағдай жасалуын зерделеуге көмектеседі.Пилоттық жобада жұмыс жасау,баланың әл-ауқатын мен көңіл-күйіне ,оның дағдыларын дамытуға,қажеттілік пен өзгерістерді балалардан тануға мүмкіндік берді.

Мектепке дейінгі мекеменің педагогикалық кеңес хаттамалары жазылған тігіліп, мөрленіп, меңгеруші бекіткен.

Қызметкерлермен лауазымдық міндеттері және еңбек қауіпсіздігі нұсқаулықтары бар және балалардың, қызметкерлердің жарақаттану жағдайын тіркеу журналы жүргізілген.

Ата – аналар жиналысының хаттамалары жазылған, тігілген, нөмірленген, бекітілген, материалдары жинақталған. Ата - аналар туралы мәліметтер жинақталған.

Мектепке дейінгі мекемедегі әдістемелік жұмыс басқарма жұмысы ретінде педагогикалық ұжымның жұмысын, білім беру бағдарламаларының міндеттерін шешуге бағыттайды.

Оқу-тәрбие процесін әдістемелік жағынан қамту мемелекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сәйкес жүргізіледі. Ұжыммен шешілетін жылдық жоспар өзекті болып табылады, графикалық түрде ұсынылады. Педагогикалық жұмыстың нәтижесін арттыру мақсатынлда түрлі формада педагогикалық кеңестер, семинарлар, семинар - практикумдар, кеңес берулер, тренингтер өткізіледі. Әдістемелік жұмыстар диагностика, оқу-тәрбие жұмысын талдау, педкадрларды кәсіби даярлау деңгейі негізінде жүзеге асады. Педагогтар өз жұмыстарында жаңашыл әдістемелерді, формаларды қолданады.

Мектепке дейінгі мекеменің басқа мекемелермен өзара байланысы және қатынасы балаларды тәрбиелеу, күту бойынша басқару мына кестеде көрсетілген.

**Қобда қазақ мектебі**

- **Ақтөбе облыстық әдістемелік орталық** **Аудандық кітапхана**
-

**Нұрлы болашақ балабақшасы МККҚ**

- **Қобда аудандық газеті редакциясы** **Қобда аудандық оқушылар үйі**

**Аудандық мұражай**

Балабақшаның осы жылға қойған негізгі жылдық міндеттері:

- Ұлттық мәдениет пен дәстүр негізінде ұлттыық- дидактикалық ойындарды оқыту үрдісінде пайдалану жолдары.
- Ата-аналармен сындарлы ынтымақтастықта қарым-қатынас орнату үшін жаңа форматтағы жұмыс түрлерін ұйымдастыру.

Мектепке дейінгі мекемеде педагогикалық кеңестерде тәрбиелік жұмыстарды, олардың нәтижелілігін, мазмұнын, формаларын және әдістерін дөңгелек үстел, пікір талас, іскерлік ойын, бағдарламалар презентация түрінде қарастырылған. Мамандардың біліктілігін арттыру мақсатында педагогикалық кеңестер ұйымдастырылды.

№1 "Жаңа оқу жылында-жаңа бастама",

№2"Мектеп жасына дейінгі балаларда коммуникативті дағдыларды қалыптастыру",

№3"Балабақшада денсаулық сақтау шынықтыру шаралары",

№4"Шығармашылық дағдыларды дамыту орталықтары",

№5"2022-2023 оқу жылында жұмыс нәтижесінің қорытындысы".

Мектепке дейінгі мемлекеттік стандарт пен тәрбие мен білім беру бағдарламасының талабы мен міндеттері орындалды.

Биылғы оқу жылында әдістемелік қызмет семинарлар, тренингтер мен кеңестер, дөңгелек үстел, апталықтар мен педагогтар арасында байқаулар мен жарыстар ұйымдастырылды.

Балабақша ұжымы әдістемелік жұмыстардың нәтижелілігін арттыру мақсатында тәрбиешілер арасында «Үздік тәрбиеші», «Ең үздік топ», «Үздік ертеңгілік», «Үздік қар мүсіні»,"Үздік терезе алдындағы бақша" сынды жарыстар өткізілді.Педагогтар арасында "Проактивті педагог" дебаты ұйымдастырылды.Балабақшамыз облыстық " Мектепке дейінгі үздік ұйым-2022", 1орын, Республикалық " Мектепке дейінгі үздік ұйым -2022" 3 орын иеленді.Республикалық "Bilimkids"орталығы ұйымдастырған байқауда "Ең үздік креативті ата-аналар жиналысы" бас жүлде иеленді.
Ата-аналар мен балабақша арасында тығыз байланыс орнатылған. Ата-аналарға педагогикалық теориялық біліммен бірге балалармен жұмыс практикасының негіздерімен таныстырылып отырылды. Бұл жұмыс екі бағытта жүргізілді: психологтың жекелеген ата-аналармен жүргізген

жұмыстары (әңгімелесу, сауалнама, жеке кеңес) және ата-аналармен топтық формадағы жұмыстар (ашық есік күні, тренингтер, тақырыптық кеңестер, ата-аналар жиналысы).

Ата – аналармен «Жазғы ойындар марафоны», «Ана мен бала», «Билейміз бірге»,"Театр-ғажайып әлем","Жарысқа шық жанұя".т.б сайыстар өтті.

Балабақшада ішкі семинар ұйымдастырылды.

1."Дидактикалық ойындарды ұлттық бағытта оқу үрдісінде пайдалану жолдары"

2."Заттық-дамытушы ортаны тиімді пайдалану "

Облыстық семинарда педагогтар іс-тәжірибелерімен бөлісті. Ғылыми-тәжірибе орталығы ұйымдастыруымен "Мектеп жасына дейінгі балаларда заттық-дамытушы ортаны тиімді пайдалану". "Өрлеу" ұлттық біліктілікті арттыру

орталығында ."Дидактикалық ойындарды ұлттық бағытта оқу үрдісінде пайлану жолдары" .Ақтөбе облысы бойынша "Өрлеу" филалының аға оқытушысы п.т.м.К.Ж.Рахатованың жетекшілігімен курс тыңдаушыларына "Ұрпақ тәрбиесі-ұлт болашағы" облыстық семинар ұйымдастырылды.

Қобда аудандық білім бөлімі ұйымдастыруымен балабақшамызда "Педагогикалық ынтымақтастық" дөңгелек үстел өткізілді.Аталған шараға оқу-ағарту министрлігінің "Балаларды ерте дамыту институты" РММ директорының орынбасары Е.М.Наятовна және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының басшылары қатысты.Педагогтар Ерте дамыту институтының Құрмет громатасымен марапатталды.
«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» және «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделіне» сүйене отырып жұмыс жүргізілді. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, әр баланың қызығушылықтары мен ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу, дені сау, дербес, білуге құмар, көпшіл, сын тұрғысынан ойлайтын балаларды қалыптастыру мен әлеуметтендіруге бағытталған.

Бағдарламада балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп оларды жан-жақты дамытуға бағытталған дағдыларын қалыптастыру мақсатында іске асырылады. Физикалық қасиеттерін дамытуда баланың дене белсенділігі ұйымдастырылған іс–әрекеттер арқылы тәрбиеленушілердің қызығушылықтарын және қажеттіліктері күні бойы ойын түрінде ұйымдастырылса, ал коммуникативтік дағдыларды дамытуда баланың сөйлеуін дамыту және көркем әдебиетке қызығушылығын арттыру мақсатында күн сайын ойын түрінде ұйымдастырылады. Танымдық және зияткердік дағдыларды дамытуда математика негіздері ұйымдастырылған іс – әрекетінде күн сайын ойын түрінде түрлі инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып балалардың интеллектуалдық қабылеттерін логикалық ойлауын дамытып, ал шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс әрекеттерін дамытуда тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, шығармашылық дағдыларын, зерттеу қабілеттерін, көркем-эстетикалық талғамын дамыту үшін балаларды ұлттық мәдениетке баулу.Әлеуметтік эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған іс – әрекеті арқылы ойын түрінде тәрбиеленушілерді қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіру.

30- тамыз «Ата Заң» күніне және 1-қыркүйек «Білім күніне» арнап «Ата Заңым-айбыным!» атты , жаңа оқу жылы басында «Ата-ана мен балабақшаның бала тәрбиесіндегі ролі» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы болып. ата-аналар белсенді қатыстырылып, ата –аналар комитеті сайланды. Күз мезгіліне орай «Арайлы –алтын күз!» атты ертеңгілігіліктер болды. «Күз сыйы» көрмесі ұйымдастырылды. Барлық қатысқан ата-аналар марапатталды. Желтоқсан айында тұңғыш президент күніне орай топта «Елбасы - ел тірегі» атты және тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік ел тұғыры» атты топтарда танымдық сағаттар өткізілді.Танымдық сағаттарда балалар «Тәуелсіз ел ұланы» әнін орындап, би

биленіп, тақпақтар айтылды.Тәуелсіздік күніне орай балабақшада « Тәуелсіз Қазақстан» тақырыбында ата–аналар арасында көрме ұйымдастырылды. Ата - аналар белсенді қатысып,алғыс хаттармен марапатталды.Жаңа жыл қарсаңында «Ғажайып қыс» тақырыбында отбасылық-шағармашылық қолөнер көрме-сайысы ұйымдастырылды және «Қош келдің,Жаңа жыл!» атты мерекелік кештер өтті.Мерекеде балалар шырша жанында әндер шырқап,ертегі желісімен ғажайып әлемге саяхаттады.Мерекеде балалар «Көңілді гномдар», «Кішкентай қояндар», «Мерекеге шашу» билерін биледі.Ертеңгілікте балалар белсенді қатысып, Аяз атаның сыйлықтарына ие болды.Қаңтар айында шыршамен қоштасу мақсатында жалпы балабақша ішілік «Қош бол,әсем шыршамыз!» атты мерекелік іс-шара өтті. Ақпан айында балабақшада ата -аналар арасында отбасы мен балабақша қарым қатынасын нығайту мақсатында «Ғажайып театр әлемі» атты ертегі қойылымы ұйымдастырылды. Наурыз айында алғыс айту күніне орай «Шын жүректен мың алғыс!» атты тақырыбында балабақша ішінде тілек айту бұрыштары жасалып,ата-аналар өз ризашылықтарын, алғыстарын білдірді.. Осы айда Халықаралық әйелдер күніне орай «Анама арналған моншақ»," Нәзік жүрек ","«Наурыз-көктем» "," Ана біздің гүліміз " атты ертеңгіліктері өтті.Ертеңгілікте балалар аналарына арнап тақпақ,әндерін айтып,би билеп,кеш әсерлі өтті.Ұлыстың ұлы күні-Наурыз мерекесіне орай балабақшада әр топта Наурыз мерекесі тойланды. Армысың Әз Наурыз» тақырыбында мерекелік шара өткізіліп, балаларға қазақтың әдет- ғұрпы мен « Тұсау кесу» салт –дәстүрі насихатталып,қазақтың ұлттық тағамдарымен таныстырылды. Наурыз мерекесінің өзіне тән үлкен асы – Наурыз көже туралы түсінік беріліп, ата – аналардың ұйымдастыруымен балалар Наурызкөжеден дәм татты. Сонымен қатар «Көктем кереметі» атты қолөнер көрмесі ұйымдастырылып, алғыс хаттар мен жүлделі орындармен марапатталды. Сәуір айында12- сәуір Ғарышкерлер күніне орай топта « Ғарыш әлемі» атты танымдық сағаты ұйымдастырылды. Ал ата-аналар арасында «Мен ғарышкер боламын» атты қолөнер көрмесі өткізді. Балабақша дәстүрі бойынша «Терезе алдындағы бақша» атты топтар арасындағы сайыс өткізілді. Мамыр айында бірлік күніне орай «Ынтымағы жарасқан - Тәуелсіз біз Қазақстан!» атты танымдық сағат өткізіліп, балалар «Ақпыз, қара, сарымыз » әнін орындап, өлең шумақтарын арнады. Сонымен қатар балабақша хореогрофы Бикбулатова Н.В ұйымдастыруымен ата – аналар арасында « Билейік бірге» ана мен бала би байқауы өткізілді. Ұлы жеңіс күні мен отан қорғаушылар күніне орай «Кішкентай отан қорғаушылар» атты танымдық сағаттар барлық топтарда ұйымдастырылды.Балаларымызтақпақтарын мәнерлеп айтып, әкелеріне ашық хаттар табыстады.Жанұядағы әке мен баланың қарым – қатынасын нығайту мақсатында «Әкемен өткізген бір күнім» атты бейнероликтер арқылы жеткізілді. Балабақшада Біләл А ән жетекшісінің ұйымдастыруымен ата- аналар арасында « Өнерлі отбасы» атты ән байқауы ұйымдастырылды. Дене шынықтыру жетекшісі Бошан Е ұйымдастыруымен «Толағай» отбасылық спорттық сайысы өткізілді.
«Әр бір бала – бір жұлдыз» тақырыбында қоштасу ертеңгіліктері ұйымдастырылды. «Өрт – тілсіз жау» тақырыбында ауданымыздағы төтенше жағдайларының бөліміне саяхат ұйымдастырылды. Өрт қызметкерлерімен кездесіп, балалар қызықты мағлұмат алды және балалар өрт құралдарын қолмен

ұстап көріп, танысты. Сонымен қатар көлік техникаларын да қызықтап, балалар қызметкерлерімен естелік суретке түсті.«Жолда жүру ережесі» барысында педагогтар танымдық сағаттар өткізді.Атап айтсақ  "От-тілсіз жау","Отпен ойнама-күйесің","Өрт қауіпті заттар","Өрт сөндіру құралдары".Жолда жүру ережесін қамту мақсатында "Бағдаршам-досымыз","Ақпыз,қызыл,сарымыз","Жолда жүру білесіз бе?","Жолда жүру ережесін сақтаймыз." танымдық сағаттар ұйымдастырылды.Мектепке дейінгі білім берудің заманауи жүйесі жаңару мен даму жағдайында жаңа мемлекеттік стандарт мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру қызметінің негізін үлгілік оқу жоспарымен реттелетін педагогтардың көмегімен баланың педагогикалық процестің субьектісі ретінде атап көрсетті.Ойын іс-әрекетінің біртіндеп күрделене түсетін міндеттері баланың шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып,өз бетімен алға жылуына және жетілдіруіне мүмкіндік береді,ал ойын ойын-сауық демалыс бола отырып,адами қатынастарды олардың әр түрлі салаларындағы көріністерін оқытуға,шығармашылыққа модельдеуге айнала алады.Білім беру процесін ұйымдастыратын педагогтер келесі принциптерге назар аударады.Ойын арқылы оқыту балалар іс-әркет түрлерін интеграциялау арқылы балаларды дамыту (ойын,қозғалыс,танымдық зерттеу,еңбек,эксперименттік балалардың өзіндік іс-әрекеті).

<u>Эксперименттік ойын</u>

Балабақшамызда ойын экспермент іс-әрекетінде педагог балаларға жауап табуға мүмкіндік береді,олар ойындарды өз бетінше ойнап,шешім қабылдайды.Ол үшін күн ішінде балалардың мүдделерін ескере  отырып,балалар іс-әрекетінің әр түрлі түрлерін оның ішінде ойын түрінде зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру көзделді.Бала ойынның белсенді қатысушысы болып табылады және өзі әлем туралы өзінің түсінігін қалыптастырады.Балалардың дамуы шаршамай өтеді,олар үшін қызықты ойын түрінде балалар бастама көтереді.

<u>Рөлдік ойындар</u>

Еркін сюжеттік ойын балабақшамызда  балалар үшін ең тартымды әрекет.Рольдік ойында бала еркіндікті сезініп,бастама жасайды.Рольдік ойындар жас ерекшелікті ескеріп өткізіледі.Сюжеттік ойынға да көп көңіл бөлінеді.Әр топта ойындар картотекасы жасалып,тиісті ойын ортасы жасалды.

<u>Драматизация ойындары</u> бақшада балаларды сахналауға жақсылық пен жамандықты ажырата білуге үйретуге шақырады.Сахналауға қатысқан бала бастамашылдық пен шығармашылықтың кең ауқымын игерді.Топтарда тиісті материалдық база құрылды.Атрибуттар мен костюмдер бар.

**"Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасын** насихаттауда өскелең ұрпақ тәрбиесіне аса мән берілген. Осы тұғырлы идеяны қалыптастыру үшін ең алдымен ұлағатты тәрбие мен сапалы білімнің қажеттілігі анық көрсетіледі. Мектепке дейінгі білім беруде жас ұрпақтың бойына сіңіретін тәрбие ұлттық құндылықтарға негізделе жүргізілді.

Балабақшамыздың орта, ересек, топтарында **"Білімді ұлт" сапалы білім беру"**идеясы негізінде ұлттық құндылықтарды насихаттау жұмыстары жүргізіліп отырады. Жыл бойы осы бағыттағы жұмыстар жүргізіліп іс шаралар жалғасын табуда. 16-желтоқсан Тәуелсіздік күніне арналған «Тәуелсіздік-ел бақыты» атты ертеңгілік ұйымдастырылды, мерекеге арнап балалар «Кішкентай болсақта!» әнін және мерекелік өлең шумақтарын арнап, мерекелік шаралар өткізіліп,Тәуелсіз Қазақстанның 32 жылдық мерекесіне орай "Тәуелсіздік -тәңір сыйы" кітап көрмесі «», «Менің сүйікті қалам» «Гүлдене бер, туған өлкем!» тақырыптарында сурет байқаулар ұйымдастырылды. Балаларға патриоттық тәрбие беру, Отанды сүюге, ұлтжандылыққа, ерлікке баулу. Ел қамын жеген ерлерді үлгі тұту, өнеге алуға және халқының тарихын білуге үйрету, Қазақстан бірлік пен татулықтың мекені», , "Әкеммен өткізген-бір күн" әкелер форумы ,«Біз Отанның сарбазы» Отан қорғаушылар күні «Әніміз бар тамаша» ұлы жеңіс күніне ән-би шеруі, «Менің сүйінті балабақшам» танымдық сағаттар жоспарланып өткізілді.

Балабақшада «Өнерлігe өріс кең» Өлкетану бұрышын жасақталып, тәрбиеленушілермен «Балалар әдебиеті» жылы аясында ұлы тұлғаларды насихаттап, «Балалар әдебиетінің майталмандары» кітап қоры ұйымдастырылды.

**Тәрбиеленушілердің конкурстарға қатысу нәтижелері**

| Баланың аты жөні | Марапат түрі |
| --- | --- |

| | |
|---|---|
| Шөмекей Еркеназ<br>Бармақова Толғанай,<br>Жұмабек Ерасыл<br><br>Владимир Жанайым<br>Алимбаева Алтынай<br><br>Жангелдіқызы Айлин<br>Берікханқызы Кәусар,<br>Болатова Мадина<br><br>Кутанова К<br>Утенова Б<br><br>Мырзахан А<br>Боранғали Б<br>Сүюғали И.<br>Байсалбек Ғ<br>Науырзалей И<br>Қуанбаева Б<br>Кутанова К<br>Маденова Б | 2018ж<br>Халықаралық Платон дамыту орталығы ұйымдастырған көркемсурет байқауы<br>Екінші дәрежелі диплом<br>Екінші дәрежелі диплом<br>Екінші дәрежелі диплом<br><br>Республикалық Зиат білім орталығы<br>Үшінші дәрежелі диплом<br>Үшінші дәрежелі диплом<br>Республикалық педагогикалық журнал ұйымдастырған байқау<br>Бірінші дәрежелі диплом<br>Екінші дәрежелі диплом<br>Үшінші дәрежелі диплом<br><br>Қыс қызығы" атты Республикалық фото және көркем сурет байқауы<br><br>Екінші дәрежелі диплом<br><br>Екінші дәрежелі диплом<br><br>Үшінші дәрежелі диплом<br><br>Үшінші дәрежелі диплом |
| Алдабергенова А.<br>Айтқали А.<br><br>Сүюғали И<br><br>Кутанова Б | Үшінші дәрежелі диплом<br>Үшінші дәрежелі диплом<br>"Тәуелсіз ел жастары" қоғамдық қорының ұйымдастыруымен өткен балабақшалар арасындағы Республикалық "Менің отбасым" атты онлайн сурет байқауы.<br>ҚР Тұңғыш Президенті Елбасы қоры сыйлығының иегері Martebe.kz білім порталының ұйымдастыруымен Республикалық "Күз – береке бастауы" байқауы<br><br>Екінші дәрежелі диплом<br>Екінші дәрежелі диплом |

| | |
|---|---|
| Уразғалиева Еркеназ<br><br><br><br><br><br><br>Марат Әлімхан<br><br>Ахметияр Айзере<br><br>Оналбекова Көзайым<br><br>Сарбаева Амина.<br><br><br>Амангелді Айсұлтан | 2019<br>Халықаралық Үркер білім беру орталығы<br><br>Бас жүлде медаль иегері<br>2020 жыл<br>Халықаралық Үркер білім беру орталығы-3 орын Марат Әлімхан,Ахметияр Айзере,Оналбекова Көзайым,Сарбаева Амина.<br>Облыстық Юстади тестілеу орталығы өткізген байқау 1-орын Амангелді Айсұлтан.<br><br>Үшінші дәрежелі диплом<br><br>Үшінші дәрежелі диплом<br><br>Үшінші дәрежелі диплом<br><br>Үшінші дәрежелі диплом<br><br>Облыстық Юстади тестілеу орталығы өткізген байқау<br><br>Бірінші дәрежелі диплом |
| Мадетхан Нұртілек<br><br>Маликов Ибрагим<br><br>Мизамхан Рамазан<br><br>Қуанбаева Мейірлен<br>Джаксыбаев Алан | 2021<br>Мен спортты ұнатамын"Республикалық шығармашылық байқауына белсене қатысып, үздік нәтиже көрсеткені үшін,<br>Қазақстан тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған " Тәуелсіздік балалардың көзімен" атты<br>Республикалық сурет, фотосурет, қолөнержәне фотоколлаж байқауы,<br>"Тәуелсіздік тұғырым"<br>"Халықаралықтәрбиешілер мен зияткерлік балалар ғылымдар<br>академиясы<br>Республика педагогтарының әдістеме мен өнер-білім орталығының ұйымдастыруымен "Менің өнерім" атты балабақша бүлдіршіндеріне арналған республикалық байқау,<br>Бірінші дәрежелі диплом<br><br>Бірінші дәрежелі диплом<br><br>Бірінші дәрежелі диплом<br><br>Бірінші дәрежелі диплом<br>Бірінші дәрежелі диплом<br><br>Республика педагогтарының әдістеме мен өнер білім орталығының ұйымдастыруымен "Менің өнерім" атты балабақша бүлдіршіндеріне арналған |

| | |
|---|---|
| БекниязовТамирлан<br><br>, Сарбаева Амина.<br><br>Байжанова Аяжан<br><br>Жәнібекова Айым<br><br>Калниязова Алима<br><br>Сарбасов Мұхаммед<br><br>" Сағындық Айдана<br><br>Бигисинова Ақтілек<br><br>Дулатова Гаухар<br><br>Нұрмұханова Азиза<br><br>Жаңбырбаева Айзере<br><br>Асылбек Еркеназ<br><br>Асылбек Аруназ<br><br>Боранғали Бахтияр<br><br>Шудабаев Әділсұлтан<br><br>Байжанова Аяжан<br><br>Аманғали Алтынзер<br><br>Арон Сардарбек<br><br>Тыныштық Сұлтан<br>Амангелді Айсұлтан. | республикалық байқау,"Бақытты елдің ұрпағы" қоғамдық қорының ұйымдастыруы Халықаралық "Біз бақытты баламыз" байқауында<br>Екінші дәрежелі диплом<br><br>Екінші дәрежелі диплом<br><br>Үшінші дәрежелі<br><br>"BILGEN"ұлттық авторлық методика және бағалау орталығы ұйымдастыруымен өткізген "TanymTop" байқауы<br>Екінші дәрежелі диплом<br><br>Халықаралық тәрбиешілер мен зияткерлік балалар ғылымдар академиясы<br>Бірінші дәрежелі диплом<br><br>Бірінші дәрежелі диплом<br><br>"BILGEN" ұлттық авторлық методика және бағалау орталығы ұйымдастыруымен өткізген "TanymTop" байқауында 4-5 жасаралығында "Есептейміз"<br><br>Халықаралық тәрбиешілер мен зияткерлік балалар ғылымдар академиясы "Менің отбасым" байқауы<br><br>Бірінші дәрежелі диплом<br><br>Республикалық Өрлеу қоғамдық қоры ұйымдастырған байқау<br>Екінші дәрежелі дипл |

| | |
|---|---|
| | |
| Ермак Ұлболсын<br>Нысанбаев Нұрмаш<br>Утянов Нұржан<br>Нысанғали Әлихан<br>Базарбай Раухан<br>Калимов Диар | 2022<br>Bilim Kazgstan орталығы ұйымдастырған сурет байқауы 1 орын |
| Еламанова Дария,<br>Ихсан Айзере,<br>Бармақова Ақырыс,<br>Қуандық Нұрәділ,<br>Әмір Меруерт. | 2023 Облыстық "Өрлеу" ұлттық біліктілік арттыру орталығы конкурс |
| Жунискалиева Аяна ,<br>Сәбит Айару | 2023 DENCE KAZAKHSTAN республикалық би байқауы<br><br>Бас жүлде,кубок |
| Жалғас Ұлықбек<br>Қалиев Диар<br>Алибеков Ануар<br>Аманғали Ерасыл<br>Амангелді Бақдәулет<br>Амантаев Айбар<br><br>Ермак Ұлболсын<br>Нысанбаев Нұрмаш<br>Утянов Нұржан<br>Нысанғали Алихан<br>Базарбай Раухан<br>Калимов Диар<br>Бигисинов Тілеген | 2023<br><br>"Оқу-ағарту "орталығы байқау 1 орын<br><br>2023<br><br>"Bilm Qazaqstan" байқау 1орын. |

**Педагогтардың жетістіктері**

| № | Педагог жетістігі | Байқау |
|---|---|---|
| 1 | **Ертлеуова Жумазия Сайлауовна** - балабақша директоры | «Өскелен ұрпақтын тәрбиесі мен мәдениетіне үлес қосқан үшін»- Д.А.Кунаев орденімен, Төс белгісі «Доброе сердце», Медаль «За вклад в развитие образования», «Отличник образования» Медалі,Қоғамдық жобаның жеңімпазы «Сердце отдаю детям» ,Ғылыми –практикалық орталығы «Алғыс хат». Құрмет грамотасы- «Ақтөбе облысының білім басқармасы»,«Диплом»-Энциклопедия қатысушысы , «Ақтобе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы» -Алғыс хат, «Халықаралық мұғалімдер слеті» -Диплом.<br>«Алғыс хат» аудан әкімі М.Шермағанбет. Ерте дамыту институты )<br>"Құрмет громатасы"-2023 |
| 2 | **Гусманова Манера Муратовна**- балабақша әдіскері | Зиат ғылыми-әдістемелік орталығы<br>Халықаралық Үркер конкурсы диплом,Облыстық олипиада3 орын Республикалық Мәртебе кз. Білім орталығынан.Үздік ашық қаралым.Үздік тәрбиеші медалі,<br>Республикалық Қазақстан педагогтар қауымдастығы білім орталығынан Үздік тәрбиеші медалі,Халықаралық Платон дамыту орталығы-Ұстаз мерейі медалі, – Reo.kz Республикалық онлайн олимпиада- I дәрежелі диплом,Международная дистанционная олимпиада «Дошкольное обучение» -Диплом III степени, «Үздік педагог зерттеушілер - 2022»республикалық педагогикалық конкурсы – диплом «Үздік зерттеуші ұстаз».Облыстық педидеялар байқауының 1 орын иегері.Ерте дамыту институты )<br>"Құрмет громатасы"-2023 |
| 3 | **Жаманкулова Жанна Тыныштыққызы**- кәсіподақ ұйымының төрайымы. | Грамота (Международная Академия Наук Экология и инженерии);<br>I – дәрежелі диплом Шығармашылық пен педагогикалық шеберлігін көрсете білгені үшін.(Ақтөбе облыстық ғылыми – тәжірибелік орталығы)<br>Директор: Н.А.Абишев<br>Алғыс хат;<br>Шығармашылық табыстары үшін, (Ақтөбе облыстық ғылыми – тәжірибелік орталығы) Директор: Н.А.Абишев<br>Диплом Республикалық «Үркер» зияткерлік марафонына жүлдегерлер мен жеңімпаздарды дайындағаны үшін.<br>«Білім беру саласындағы өскелең ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие берудегі шығармашылық табыстары үшін» «Алтын қыран» халықаралық қайырымдылық қорының президенті И.С.Салжановтың «Алғыс хатымен»,<br>«Мектепке дейінгі ұйымда экологиялық мәдениеттілікті қалыптастыру әдістері» тақырыбындағы облыстық эксперимент алаңында шығармашылықпен жұмыс жасап , іс-тәжірибесін кәсіби шеберлікпен көрсеткені үшін «Алғыс хат» облыстық ғылыми тәжірибелік орталығы.<br>II- дәрежелі диплом ( «Ең үздік қазақ тілді сайт» байқауының жеңімпазы Qaztest.kz сайтында педагог мамандардың кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында өткізілген I-Республикалық «Үздік педагог» педагогика олимпиадасында жоғары нәтиже көрсеткені үшін) |

| | | |
|---|---|---|
| | | мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту педагогтары арасындағы облыстық олимпиада да белсенділік танытқаны үшін Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжрибелік орталығы алғыс хат.<br>Білім беру жүйесіндегі жемісті еңбегі мен ғылыми-шығармашылық ізденісі және жас жеткіншектерді тәрбиелеудегі нәтижелі еңбегі үшін аудандық кәсіподақ комитетінің төрағасы Қ.Ж.Ибраевтан « Алғыс хат». |
| 4 | **Уразгулова-Садуакасова Ж.М.**-балабақша психологы | «Платон» Халықаралық білім дамыту орталығының ұйымдастыруымен өткізілген Республикалық «Үздік ашық сабақ» байқауына қатысып, жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруде ізденімпаздығымен, жаңашылдығымен ерекшеленген үшін І дәрежелі дипломмен марапатталды.<br>«Ел болашағы бақытты бүлдіршіндерімізді тәрбиелеу мен білім беру жүйесінде өз үлестерін қосып,тынымсыз еткен еңбегі үшін «Алтын қыран» халықаралық қайырымдылық қорының президенті И.Салжановтың «Алғыс хатымен» марапатталды.<br>"Үздік флаер"-2023 облыстық байқау жеңімпазы. Ерте дамыту институты )<br>"Құрмет громатасы"-2023 |
| 5 | **Омарова Құралай Жалғаспаевна**-балабақша логопеді | «Пони» ,Халықаралық байқауының жеңімпаздарын дайындағаны үшін екі дипломмен марапатталды. «Менің отбасым» атты онлайн сурет байқауына шәкірт дайындағаны үшін «Алғыс хат».<br>ІІІ Республикалық «Үздік балабақша тәрбиешісі» байқауы Диплом.<br>«Педагогикалық идеялар - 2020»қашықтық аудандық байқау-Диплом ІІІ орын, |
| 6 | **Ержанова Нұргүл Муратовна**-тәрбиеші | Республикалық Мартебе.кз білім порталының ұйымдастыруымен өткізілген «Үздік балабақша тәрбиешісі» байқауына қатысып, жоғары нәтиже көрсеткені үшін 1-орын дипломымен марапатталды.<br>«Платон» Халықаралық білім дамыту орталығының ұйымдастыруымен өткізілген Республикалық «Үздік ашық сабақ» байқауына қатысып, жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруде ізденімпаздығымен, жаңашылдығымен ерекшеленген үшін І дәрежелі дипломмен марапатталды. Үздік педагог» педагогика олимпиадасында жоғары нәтиже көрсеткені үшін)<br>Аудандық кәсіподақ комитетінен ғылыми- шығармашылық ізденіс және нәтижелі еңбегі үшін Ержанова Н.М. Алғыс хатпен марапатталды.<br>–Аудандық Алғыс хатпен марапатталды- сапалы білім мен саналы тәрбие үшін.Жыл басы-Наурыз мерекес Жыл басы-Наурыз мерекесі аясында бата беру дәстүрін дәріптеу,кейінгі ұрпаққа үлгі ету мақсатында ұйымдастырылған «Баталы ел арымас» атты балалар арасындағы байқауға белсене қатысқаны үшін-Алғыс хат. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Торбай Маншук Акбукеновна** -тәрбиеші | «Ел болашағы бақытты бүлдіршіндерімізді тәрбиелеу мен білім беру жүйесінде өз үлестерін қосып,тынымсыз еткен еңбегі үшін «Алтын қыран» халықаралық қайырымдылық қорының президенті И.Салжановтың «Алғыс хатымен» марапатталды. «Заманауи дәстүрлі емес сурет салу техникасы» атты республикалық шебер- сынып байқауының облыстық кезеңінде жүлделі – Диплом I орын.<br>. Ерте дамыту институты )<br>"Құрмет громатасы"-2023 |
| 7 | **Жанабаева Раушан Бақтығалиевна**-тәрбиеші | «Пони» ,Халықаралық байқауының жеңімпаздарын дайындағаны үшін екі дипломмен марапатталды. «Менің отбасым» атты онлайн сурет байқауына шәкірт дайындағаны үшін «Алғыс хат».<br>III Республикалық «Үздік балабақша тәрбиешісі» байқауы Диплом.<br>«Педагогикалық идеялар - 2020»қашықтық аудандық байқау-Диплом III орын, |
| 8 | **Елеманова Ш.Е.**-тәрбиеші | Елеманова Ш.Е. Спорт жұлдыздары журналы редакция алқасының ұйымдастыруымен өткізілген республикалық байқауға қатысып, «Үздік балабақша тәрбиешісі» төсбелгісімен марапатталды.<br>«Ел болашағы бақытты бүлдіршіндерімізді тәрбиелеу мен білім беру жүйесінде өз үлестерін қосып,тынымсыз еткен еңбегі үшін «Алтын қыран» халықаралық қайырымдылық қорының президенті И.Салжановтың «Алғыс хатымен» марапатталды.<br>«Мен зерттеушімін» атты республикалық байқауының облыстық кезеңінде – Диплом III дәрежелі, Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығынығ «мектепке дейінгі тәрбие мен щқытудың педагогтері арасында өткен облыстық олимпиада» -III дәрежелі диплом. |
| 9 | **Кушпантаева Алия Расовна** | Международный<br>Пони халықаралықбайқауыныңжеңімпаздарымен жүлдегерлерін сапалы дайындағаны үшін диплом;<br><br>2019<br>Районный<br>"Үздік жас маман -2019" байқауында II орын;<br><br>Благодарственное письмо<br>ЖелтоқсанТәуелсізді ккүнінеорайжасмамандарарасындаөткізілгенмерекелікіс-шарағабелсендіқатысқаныүшін;<br><br>2021 ПОНИ Халықаралықбайқауынажеңімпаздармен жүлдегерлердайындағаныүшін; |

| | | |
|---|---|---|
| | | 2021 Республиканский<br>"TutorUp" мерзімдібаспасөзі мен "TutorUp" оқуорталығыныңұйымдастыруыменТәуелсіздіктің 30 жылдықмерейтойынаорайпедагогтерарасындаөткізілген "Тәуелсізелдіңүздікұстазы" байқауындажоғарыжетістіккежеткеніүшін диплом;<br><br>2021 Республиканский<br>Комментарий: "BILGEN" ұлттықавторлық методика жәнебағалауорталығыұйымдастырған "Tanymtop" байқауынашәкіртдайындағаныүшін |
| 10 | **Жаксыгарина З.Е**-тәрбиеші | Жаксыгарина З.Е –облыстық «Экология және балалар» атты мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту педагогтері арасында қашықтықтан өткен экологиялық жобалар байқауы –І дәрежелі диплом,<br>Қашықтықтан ұйымдастырылған «Ел жүрегі -Астана»атты Республикалық байқау – мадақтама,<br>Жанабаева Р.Б –«Педагогикалық идеялар -»қашықтық аудандық байқау-Диплом ІІІ орын,2020.<br>облыстық «Экология және балалар» атты мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту педагогтері арасында қашықтықтан өткен экологиялық жобалар байқауы –І дәрежелі диплом, |
| 11 | **Каракулова Қырмызы**-тәрбиеші | "Ұстаз тілегі" әдістемелік орталығы ұйымдастырған байқау диплом Үздік тәрбиеші,Халықаралық "Өрлеу-өркендеу" журналы байқау шебер номинациясы. |
| 12 | **Дүзбанова ГүлшатСанетовна**-тәрбиеші | "Өрлеу қоғамдық қоры""Құрмет громатасы" ,Самғау әдістемелік журнал эссе байқауы,Балдәурен байқауы шәкірт тәрбиелегені үшін. |
| 13 | **Бимашева Эсем Үсеновна**-тәрбиеші | Пони байқауы шәкірт тәрбиелегені үшін,"Ұлы дала ұстазы" мақала жариялағаны үшін,Юстади аймақтық тестілеу орталығы,Пед олипиада,3орын,Дарабоз журналы байқау,Үздік сабақ жоспар. |
| 14 | **Бикбулатова Нурсулу Вакасовна**-биші | Халықаралық көпжанрлы байқау 2 орын,Халықаралық байқау "BEST STAR XXII" 1 орын |
| 15. | **Байтохина Лаура Турмағамбетовна** | 2021<br>Халықаралық білім беретін ғылыми-әдістемелік, танымдық шығармашылық бағыттағы "TutorUp" журналында өз әдістерімен бөліскені үшін алғыс хат және сертификат;<br><br>2022<br>Республикалықғылыми-педагогикалықәдістемелік "DIDAKTIKA" журналыныңұстаздаарасындаұйымдастырған "Үздік педагог - 2022" байқауынаеңбегінұсынғаныүшін І дәрежелі диплом, алғыс хат, сертификат;;<br><br>2022<br>"BilimQazaqstan"<br>Республикалықбіліморталығыныңұйымдастыруыменөткен "Меніңотбасым" аттыРеспубликалықсурет салу |

| | | |
|---|---|---|
| | | байқауынашәкіртдайындағаныүшін;<br><br>2022 "Bilimger.kz" республикалықбілімпорталынаавторлықматериалдаржариялап, ғаламторкеңістігінқолдануарқылыбілім беру жүйесіндегіжаңаақпараттық - коммуникациялық технология бағыттарыныңдамуынаүлесқосқаныүшінжаңашылұстазатанды |
| 16. | **Туманчина Айгерім Нұрболатовна** | 2022 "Bilimger.kz" республикалықбілімпорталынаавторлықматериалдаржариялап, ғаламторкеңістігінқолдануарқылыбілім беру жүйесіндегіжаңаақпараттық - коммуникациялық технология бағыттарыныңдамуынаүлесқосқаныүшінжаңашылұстазатанды;<br><br>2022 Республикалықбілімпорталынаәдістемелік материал жәнесабақжоспарларынжариялап, Республика көлеміндежаңаақпараттық технология арқылыәдістемеліктәжірибеалмасып, белсенділіктанытқаныүшінҚұрметграмотасыжәне сертификат;<br><br>2022 Bilimger.kz республикалық білімпорталындаөзеңбегінжариялауарқылыҚазақстанаумағындаөзтәжірибесінбөлісkенінрастайды;<br><br>2023: ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі "Media Bilim" журналының редакторы мен "Өрлеу" Республикалық ПШДО Астана филиалының директорынан Құрмет грамотасы;<br>2023 "Үздіктәрбиеші" төсбелгісіменмарапатталғаныжайлыҚұрметграмотасы;<br><br>2023 : Республикалық "Жаңашыл педагог мінбері" Республикалықғылыми-педагогикалық, әдістемелікжурналынаөзәдістеріменбөліскеніүшін |

**Қорытынды және ұсыныстар:**

1.Мектепке дейінгі мекемеде кадрлармен, балалармен жүргізілетін жұмыс жүйелі жолға қойылған.

2.Кадрлардың іс-қағаздары, құжаттары талапқа сай жүргізілген.

3. Оқу үрдісінде жаңа педагогикалық техонолгияларды, әдіс-тәсілдерді енгізу

Барлығы балабақшада 50 адам жұмыс жасайды. Оқу тәрбие үрдісін 26педагог басқарады, солардың ішінде 16 тәрбиеші және мамандар: 2- музыка жетекшісі,1-психолог, 1-логопед,1- хореограф,1-денешынықтыру жетекшісі.

**Білімі:**

Жоғары білімді– 14

Арнаулы орта – 12

**Санаты:**

Педагог-зерттеуші-1

Бірінші санат – 2,Педагог-сарапшы-4

Екінші санат – 5

Санаты жоқ -14

Соның ішінде жұмыс өтілі 30 жылдан астам 3- тәрбиеші, жоспарға сай барлық педагогтардың компьютерлік сауаты бар, кәсіптік деңгейін көтеруде, жас деңгейі 25-45 аралығында.

## МКҚК «Нұрлы болашақ балабақшасының педагогтар тізімі

| | Аты-тегі | Лауазымы | Туған жылы ,айы, күні | Бітірген оқу орыны Диплом бойынша мамандығы | білімі | Педагогикалық өтілі | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | санаты | жалпы | қызмет |
| 1 | Ертлеуова Жумазия Сайлауовна | директор | 18.10. 1968 | АПИ,1993. Мектепке дейінгі педагогика және психология пәнінің оқытушысы, мектепке дейінгі тәрбие методисі. | жоғары | | 33,3 | 33,3 |
| 2 | Гусманова Манера Муратовна | әдіскер | 15.04. 1979 | С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті,2018 ж.Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу. | жоғары | сарапшы | 13 | 13,4 |
| 3. | Уразгулова-Садуакасова Жанар Мырзалиевна | психолог | 21.03. 1971 | АМПИ,2012 ж. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу. | жоғары | | 29,3 | 22,9 |
| 4. | Жаманкулова Жанна Тыныштыковна | тәрбиеші | 06.12. 1968 | Қ.Жұбанов атындағы АМУ1998 | жоғары | Бірінші санат | 33 | 32,9 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ж Оқытушы, мектепке дейінгі тәрбие әдіскері. | | Бұйрық №01.1-02/63 03.09.21 | | |
| 5. | Жанабаева Раушан Бактыгалиевна | тәрбиеші | 07.11.1978 | Актөбе гуманитарлық техникалық әмбебаб мультипрофильдік колледж Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту | арнаулы орта | | 9,7 | 9,6 |
| 6 | Елеманова Нурлы Тлековна | тәрбиеші | 30.08.1979 | Орал гуманитарлық колледжі Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту,2016 г | арнаулы орта | - | 3,4 | 3,1 |
| 7. | Есеналиева Гулзат Мендибаевна | тәрбиеші | 08.10.1986 | «Болашақ» колледжі 2015 ж. Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі | арнаулы орта | - | 5,5 | 5,3 |
| 8. | Аймагамбетова Гүлбақ Боранбайқызы | тәрбиеші | 01.01.1996 | С.Бәйішев атындағы колледж, 2017 ж.Мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиешісі. | арнаулы орта | - | 4,8 | 4,6 |
| 9. | .Ержанова Нургуль Муратовна | тәрбиеші | 09.12.1977 | Ақтөбе мемелекеттік педагогика институты Мектепке дейінгі оқыту | жоғары | Бірінші санат | 18,8 | 18,6 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | және тәрбиелеу ,2010ж | | | | |
| 10 | .Торбай Манчук Акбукеновна | тәрбиеші | 09.07. 1981 | Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу, 2017 ж. | жоғары- | сарапшы | 9,6 | 9,3 |
| 11 | Бимашева Эсем Усеновна | тәрбиеші | 23.04. 1987 | С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті, 2015 жыл | жоғары | Екінші санат | 10,7 | 10,5 |
| 12. | Елеманова Шара Есентаевна | тәрбиеші | 19.07. 1979 | АГК, 2015 Мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиешісі | арнаулы орта | II санат,№ 18 23.05.2016 | 14,8 | 14,6 |
| 13. | Кушпантаева Алия Расовна | тәрбиеші | 29.09. 1987 | | жоғары | - | 9,9 | 9,7 |
| 14. | Жаксыгарина Зинегуль Елюбаевна. | тәрбиеші | 30.10. 1972 | Уральский гуманитарный колледж м.д.тәрбие мен оқыту - | арнаулы орта | сарапшы | 9,8 | 9,6 |
| 16. | Каракулова Кырмызы Жумагазиевна | тәрбиеші | 30.08. 1975 | АГК, 1998 ж. Мектепке дейінгі мекемелердің тәрбиешісі. | арнаулы орта | зерттеуші | 30,8 | 30,8 |
| 17. | Мұханбеталина Айгерим Серикбаевна | Музыка жетекшісі | 17.05. 1988 | АМПИ,музыкалық білім,2013 ж | жоғары | | 13ж | 10,8 |
| 18. | Байтохина Лаура Турмағанбетовна | тәрбиеші | 22.07. 1991 | БҚТУ-мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту | жоғары | | 9,8 | 9,5 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 19. | Омарова Құралай Жалгаспаевна | логопед | 10.08. 1975 | АПУ, 1994 ж. м.д.мекемелердің тәрбиешісі, АМУ педагог-психолог. | жоғары- | - | 28,7 | 9,2 |
| 20 | Бошан Ерсаин Абитіұлы | Дене шынықтыру жетекшісі | 06.10. 1995 | Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,2020ж Дене тәрбиесі және спорт | жоғары | - | 5,4 | 2,6 |
| 21 | Бикбулатова Нурслу Вахкасовна | харeограф | 25.04. 1984 | Ақтөбе гуманитарлық колледжі, 2006 ж. Хореографиялық ұжым жетекшісі. | арнаулы орта- | - | 10,7 | 10,5 |
| 22 | Дузбанова Гулшат Санетовна | тәрбиеші | 28.02. 1971 | АПУ Мектепке дейінгі мекемелердегі тәрбие | арнаулы орта | II санат,Бұйрық №11. 17.04.2019ж | 17,5 | 17,7 |
| 23 | Білалов Алихан Қаыржанұлы | Музыка жетекшісі | 02.12. 1999 | А.Жұбанов атындағы Ақтөбе музыкалфқ колледжі | арнаулы орта | - | 3,6 | 3,3 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 24 | Елеусинова Жадыра Жилкибаевна | тәрбиеші | 6.11. 1985 | Арнаулы орта, Акт.гум.әмбебап мультипрофильді колледжі 2013ж. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту | арнаулы орта | II санат, Бұйрық №01-04/28 а 13.05.2019 ж. | 9,5 | 9,7 |
| 25 | Туманчина Айгерім Нұрболатовна | тәрбиеші | 13.02. 1997<br><br>970213450765 | ТКБ № 1111829 «Ақтөбе гуманитарлық колледжі МКҚК – не 0101000» Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту. | арнаулы орта | ----- | 3,6 | 3,8 |
| 26 | Алдабергенова Рыскул Парахатовна | тәрбиеші | 15.12. 1992<br><br>921215400872 | ЖБ – Б № 1550569 Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті 5B010100 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу. | жоғары | Сарапшы №631 24.12.21 | 6,2 | 9,6 |

**Педагогтардың  білімі туралы мәлімет**

| Оқу жылдары | Барлық педагог тар | Мектепке дейінгі жоғары білім | Жоғары пед.білім | Мектепке дейінгі арнаулы орта білім | Арнаулы орта білім | Педагог икалық білімі жоқ |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2018-2019 | 23 | 9(39%) | 14(60 %) | 9(39 %) | 5 (21%) | - |
| 2019-2020 | 23 | 11 (47%) | 11 (  47%) | 8( 35%) | 4 (17 %) | - |
| 2020-2021 | 22 | 9(40%) | 10(40 %) | 12(60 %) | 12 (58  %) | |
| 2021-2022 | 24 | 20 (48,7%) | 21  (51,3 %) | 17(41,4 ) | 20(48,7) | - |
| 2022-2023 | 26 | 11(47%) | 11 (  47%) | 11 (  47%) | 15 (70%) | - |






| | жоғары | бірінші | екінші | санатсыз |
|---|---|---|---|---|
| 2019-2020 | 17% | 8% | 39% | 34% |






| | жоғары | бірінші | екінші | санатсыз |
|---|---|---|---|---|
| 2020-2021 | 14% | 14% | 40% | 32% |






**2021-2022 4% 13% 25% 58%**









**Балалардың білімін бағалау диаграммасы**


Жиынтық есеп
2018-2019 оқу жылының қорытындысы
90%
80%
70%
60%
50%
40%
30%
20%
10%
0%
денсаулық
қатынас
таным
шығармаш…
әлеумет
I деңгей
II деңгей
III деңгей


Жиынтық есеп
2019-2020 оқу жылының қорытындысы
100%
80%
60%
40%
20%
0%
денсаулық
қатынас
таным
шығарма…
әлеумет
I деңгей
II деңгей
III деңгей


Жиынтық есеп
2020-2021 оқу жылының қорытындысы
100%
80%
60%
40%
20%
0%
денсаулық
қатынас
таным
шығарм…
әлеумет
I деңгей
II деңгей
III деңгей


Жиынтық есеп
Балалардың даму деңгейінің көрсеткіші
2021-2022 оқу жылы
100%
80%
60%
40%
20%
0%
денсаулық
қатынас
таным
шығармаш…
әлеумет
I деңгей
II деңгей
III деңгей

**Жиынтық есеп**
**Балалардың даму деңгейінің көрсеткіші**
**2022-2023 оқу жылы**




Кадрларды орналастырғанда білімі, педагогикалық жұмыс тәжірибесі, психологоиялық сәйкестік есепке алынады.

Педагогикалық кадрлар туралы мәселе әкімшілікпен педагогикалық кеңестерде, кәсіподақ, өндірістік жиналыстарында талқыланады.

«Нұрлы болашақ» бақшасында іс-жүргізу мемлекеттік тілде жүргізіледі. Мектепке дейінгі мекемеде кадрлардың жеке іс-қағаздары талапқа сай жүргізілген. Жеке іс қағаздарда кадрларды жұмысқа алу өтініштері, өмірбаяны, жұмысқа қабылданғандары туралы, жеке куәлігінің көшірмесі, еңбек кітапшалары, біліктілік арттыру курстарынан өткен сертификаттары және біліктілік санаты туралы бұйрықтарының көшірмелері барлығы түгел. Негізгі қызмет жөніндегі, жеке құрам бойынша бұйрықтар кітаптарының жүргізілуі талапқа сай. Мектепке дейінгі мекеме кадрларының еңбегін бағалау жұмыстары жақсы атқарылған. Педагог қызметкерлер мектепке дейінгі мекеме ішілік марапаттаулар мен қатар аудандық, облыстық, марапаттарға ие.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2008 жылы 16 мамырдағы № 272 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің

ережелері» негізінде жыл бойына жоспарға сәйкес 5 рет педагогикалық кеңес ұйымдастырылған. Педагогикалық кеңес отырыстарына хаттама толтырылған. Педагог кадрлар жұмыстарының сұрақтары әкімшілік педагогикалық кеңестерде, кәсіподақ және өндірістік отырыстарда қарастырылады. Педагогикалық процестің ең маңызды көрсеткіштерінің бірі –жұмыс нәтижесін сараптау болып саналса, мектепке дейінгі мекемеде әр жылға оқу-тәрбие жұмысының қортындысы бойынша педагогтардың мониторингі жасалған.
Мектепке дейінгі мекеме әкімшілігі мектепке дейінгі білім берудің мазмұнын жаңарту, педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыру жұмыстарын жүйелі және жоспарлы түрде жүргізеді.

**Ұсыныстар**:

1.Жаңаша форматта педагогтар біліктілік санатын көтерсін.
2. Жаңартылған білім беру курстарында педагогтар біліктілігін көтерсін.

**Қорытынды**

1. Мектепке дейінгі ұйымының оқу-тәрбие жұмысы «жеткілікті» деңгейде.
2. Мектепке дейінгі мекемеде кадрлармен жүргізілетін жұмыс жүйелі жолға қойылған.
3. Кадрлардың іс-қағаздары, құжаттары талапқа сай жүргізілген.
4. Педагогикалық құрамының сапасы жоғары деңгейде, барлығы мамандандырылған.

**Қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау**

Топтағы заттық-дамыту орталықтар жас ерекшеліктеріне сай құрылған, бақшадағы топтардың барлығы балалардың жас ерекшелігіне сай жабдықталып, безендірілген, қажетті көрнекілік құралдармен қамтамасыз етілген. Балалардың денсаулығын және өмірін сақтаудағы қауіпсіздік ережелері қатаң сақталған. Қабылдау бөлмесінде ата - аналарға арналған ақпарат бұрыштары, жылжымалы папкалары бар. Онда ата-аналарға арналған педагогикалық және дәрігерлік кеңестер мен хабарландырулар, балалардың жеткен жетістіктері туралы ақпараттар берілген. Топтарда «Шаштараз», «Дәріхана» ойындары, «Қазақ бұрышы», «Табиғат бұрышы», «Біз кезекшіміз» бұрыштары сюжеттік-ролдік ойындардың құрал жабдықтары жинақталған, аквариумдағы балықтар, бөлме өсімдіктері өсіріледі. Топта балалардың ой-өрісін, тілдерін дамыту мақсатында лото, мозайка, үстел үсті және әр-түрлі құрастырмалы ойыншықтар жинағы бар. Театрлық іс-әрекеттерін және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында драматизациялауға арналған қуыршақтар, үстел үсті театрлар, көлеңкелі театрларының атрибуттары

жинақталған. Топ тәрбиешілерінің көрнекіліктері эстетикалық талғамға сай жасалған.

Топ құжаттары талапқа сай жинақталған. Ата-аналармен жұмыс, мектеппен сабақтастық жоспарлары құрылып, өткізілген кеңестер, дөңгелек үстел, баяндамалар, ертеңгіліктер, сауалнамалар папкаға жинақталып хаттамалары толтырылған.

Тәрбиеленушілерді құқықтық тәрбиелеу, білім беру ұйымында тәрбие жұмысын құқықтық әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету барысында педагогикалық кеңесте мәселе етіп қойылып, талқыланған «Ата-аналармен құқықтық тәрбие бойынша жұмысты ұйымдастыру» тақырыбына слайдтар, «Менің әкем - ең жақсы адам» атты жылжымалы папкалар дайындалған. Мектепке дейінгі мекемеде  кеңістік - пәндік ортаны дайындау барысында «Бала құқығы», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері», «Мемлекеттік қызмет көрсетілетін бұрыш»,"Әдістемелік бұрыш "«Терроризм-қоғам қаупі», «Ата-аналар, сіздер үшін», «Медбике бұрышы», «Кәсіподақ бұрышы», «Біздің жетістіктеріміз», «Музыка әлемінде», «Абай бол,балақай!», "Менің сүйікті өлкем","Даналық әліппесі","Психолог бұрышы"атты мемлекеттік белгілер мен тақырыптық стендтер орнатылған.
Сөйлеу  тілінде мүкістігі  бар балаларға  кешенді психологиялық және әлеуметтік  көмек көрсету  мақсатында психолог пен логопед бөлмесі жабдықталған. Ерекше білім беру қажеттілілктері бар балаларды оқытуда баланың ерекшеліктетрі ескеріліп, оқу жоспары мен бағдарлама әзірленген. Баланың танымдық, сөйлеу, шығармашылық іс-әрекетін, коммуникативтік қабілеттерін қалыптастыру үшін қолданылатын дидактикалық  оқу  құралдары мен  үлестірмелі материалдар жеткілікті және эстетикалық  талғамға  сай . Аудиотека, видеотека бойынша қазақ және орыс тілдерінде ертегілер, жаңылтпаштар, санамақтар, сергіту сәті дискілердің  данасы жинақталған. Балаларға арналған дамытушы  сенсорикалық орталықта  балалардың қоршаған ортаны бағдарлау аясын кеңейтуге, сезімдік тәжірибесін  қалыптастыра отырып түйсігі мен қабылдауын жетілдіруге, ұсақ қол моторикасын дамытуға, түрлі-түсті заттар мен құралдарды  қолдануға, түстерді ажырата білуге, біртекті заттардың ортақ  белгісіне қарай топтастыра білуге бағытталған. «Монтессори әлеміне саяхат » атты түрлі көлемдегі геометриялық пішіндерді, түсі ,көлемі, ұқсас  қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіруге арналған құралдармен  жабдықталған орталық  бар. Мектепке дейінгі мекемеде әдістемелік бөлме заман  талабына сай жиһаздармен, компьютермен, әдістемелік әдебиттер  және балалар көркем әдебиеттерімен, дидактикалық ойындармен жабдықталған. Әдістемелік  бөлмеде тәрбиешілердің іс-тәжірибиесі: видеотека, ашық көрсетілімдері, семинарларда  өткізген  жұмыстары, слайдтары  толық жинақталған. Мектепке дейінгі мекемеде  әдістемелік жұмыс, басқарма жұмысы ретінде педагогикалық ұжымның  жұмысын, білім беру бағдарламаларының міндеттерін шешуге бағыттайды.  Мектепке дейінгі мекеменің әдіскерлік қызметін  Гусманова Манера Муратовна атқарады. Білімі- білімі жоғары,санаты- сарапшы, педагогикалық өтілі-13 жыл,  әдіскер қызметінде- 2 жыл.

Әдістемелік жұмыстардың қорытындысы мектепке дейінгі  мекеменің аналитикалық жұмыс жүйесі, әдістемелік құжаттардың толықтығын  көрсетті.

Оқу-тәрбие процесін әдістемелік жағынан қамту  мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сәйкес жүргізіледі. Ұжыммен шешілетін жылдық жоспар өзекті болып табылады, графикалық түрде ұсынылады. Педагогикалық жұмыстың нәтижесін арттыру мақсатында түрлі формада педагогикалық кеңестер, семинарлар, семинар-практикумдар, кеңес берулер, тренингтер өткізіледі.  Әдістемелік жұмыстар диагностика, оқу-тәрбие жұмысын талдау, педкадрларды кәсіби даярлау деңгейі негізінде жүзеге асады. Педагогтар  өз жұмыстарында жаңашыл әдістемелерді, әдіс-тәсілдерді, формаларды қолданады **Мектепке дейінгі білім беру мекемелеріндегі әдістемелік жұмыстың  басты мақсаты-**  бұл педагогтың кәсіптік білімін көтеру  болып табылады.

**Әдістемелік жұмыс міндеттері**  - мекемедегі педагогикалық озат тәжірибені  тарату ,әрбір тәрбиешінің біліктілігін, кәсіби шеберлігін  жан- жақты арттыруға бағытталған. Әдістемелік жұмыс педагогикалық ұжымының мүмкіндігінің  шамасын  дамыту  және арттыру, оқу тәрбие жұмысын жетілдіру, нақты тәрбиеленушінің білім, тәрбие алу және даму деңгейіне жеткізу болып табылады. Өз тәжірибемізден педагогикалық ұжымымызда біздер келесі бағыттарда  жұмыс жасаймыз:

- педагогикалық тапсырмаларды орындау: Эйзенхауэра торы, «инсерт» рефлексияның формасы, SKOT-анализі, «синквести» технологиясы, менталдық әдіс карталары.
- педагогикалық  сөзжұмбақ, «аквариум»
- ойын түрлері : рөлдік ойындар, іскерлік ойындар, имитация ойындары
- дискуссиялар: дебат, дөңгелек үстел, пікірталас
- шығармашылық ізденіс тапсырмалары: жобалар, ойын іс әрекеті.
- социологиялық  сұрақтар: анкета жүргізу, блиц сұрақтар
- семинар практикумдар
- кәсіпқойлық іскерлігінің сайыстары
- мастер-класс.

Әдістемелік жұмыс қызметі туралы айтатын болсақ- жұмыстың тиімділігін бағалауын айтпай кетуге болмайды. Біз жұмысымызды 3 бағытта  бағалаймыз: біріншіден- балалар үшін тиімді, екіншіден- ата-аналар үшін тиімділігі, үшіншіден- педагогтар үшін тиімділігі.

**Балалар үшін тиімділігі:**

-білім беру формасының балалардың мүмкіндіктерін ескере отырып құзіреттілігін қалыптастыру;

-баланың өмірін сақтау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты құндылығын қалыптастыру;

-балалармен жеке жұмыс ұйымдастыру.

**Ата-аналар үшін тиімділігі:**

-ата-аналар жағынан МДҰ-ға деген жағымды  көзқарасы;

-МДҰ-ға әрқашан көмекке дайын болуы;

-МДҰ арасындағы ата-аналар  жұмыс түрлері мен айналысуы туралы ақпараттануы.

**Педагогтар  үшін тиімділігі**:

- ұжымдағы  психологиялық жағдайының жақсаруы;

- педагогтардың шығармашылық пен инновацияға қызығушылығы;
-педагогтардың өз қызметіне қанағаттануы;
-өз білімін көтеру жүйесін сапалы ұйымдастырылуы;
-жоғары деңгейдегі кәсіптік қызметі.

Сонымен қатар педагогикалық кадрлардың біліктілігін жоғарылатуда жыл бойы 5 интерактивтік әдістермен педагогикалық кеңес ұйымдастырылады. Ол педагогикалық кеңес педагогикалық ұжымды оқу, тәрбие, жаппай ұйымдастыру және әдістемелік-нұсқау жұмыстарының деңгейін көтеруге жұмылдырады, балабақша тәжірибесіне педагогикалық ғылымның және озат тәжірибенің жетістіктерін, оқыту мен тәрбиелеудің тиімді әдістерін енгізуге көмектеседі. Педагогикалық кадрлардың біліктілігін жоғарылатуды қамтамасыз ететін шараларды анықтайды, педагогикалық жаңашылдықты, шығармашылық ізденісті, қызметкерлердің өздігінен білім алуға ынталандырады.

Балалардың жан-жақты дамыту және педагогикалық тәжірибені шыңдау барысында, балабақшада аудандық көлемде білім бөлімінің басшылығымен тәрбиешілер бірлестігі жұмыс жасайды. Педагогтармен бірге іскерлік ойындар,театрлық қойылымдар , түрлі тренингтер, коучинг өткізіліп, менталдық карталармен жұмыстар жүргізіледі. Мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен анықталған нормативтерге сәйкес әдістемелік әдебиеттер саны жинақталған.
Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің тәрбиешілеріне арналған әдістемелік құралдар, кітаптар бар. Мекемеде кітапхана мен өзін-өзі тану бұрышы жабдықталған арнайы бөлме бар, Балабақша арнайы әдістемелік басылым журналдарымен толықтарылуда.
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартына сай балаларға керекті құрал-жабдықтар жинақталған, әдістемелік көрнекіліктер жеткілікті. Көрнекіліктер А3 форматында салынған, эстетикалық көркемделуі жағынан талаптарға сай.

| Оқу жылдары | әдістемелік әдебиетер саны | Балалар көркем әдебиеттері саны |
|---|---|---|
| 2018-2019 | 40 | 90 |
| 2019-2020 | 50 | 100 |
| 2020-2021 | 100 | 130 |
| 2021-2022 | 120 | 150 |
| 2022-2023 | 120 | 150 |

Мектепке дейінгі мекеменің топтары ойын материалдары мен құрал—жабдықтармен қамтылған. Қосымша әдебиеттер қорының саны жеткілікті. Баспасөз беттерінде (республикалық, облыстық, аудандық деңгейде) педагогтардың жұмыстары жарияланды, бірнеше педагог облыс көлімінде өзінің әдістемелік құралдарын шығарды.

| № | Басылымның тақырыбы | Мақсаты | Авторы |
|---|---|---|---|

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | Жыл мезгілдері | Балаларға бойында қайырымдылық махаббат,достық мінез-құлық дағдыларын бекітуге арналған | Ертлеуова Ж.С. |
| 2 | Монтессори әдістемесі арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылықта-танымдық қабілетін дамыту. | Баланың өз еркімен өсуіне және шығармашыл тұлға қалыптастыруға арналған | Гусманова М.М. |
| 3 | Ақтөбе-құтты мекен | Мектепке дейінгі жастағы балаларға патриотизм тәрбиені жүзеге асыруға арналған | Торбай М.А. |
| 4 | Сергіту сәті | Балалардың көңіл-күйін ширатып,белсенділігін арттыруға арналған. | Ержанова Н.М. |
| 5 | Ойнайық та-ойлайық | Мектепке дейінгі баланың танымдық қызығушылықтарын дамыту. | Каракулова Қ.Ж. |
| 6 | Ойын әлемі | Ақыл-ойын дамытып,ойынға қызығушылығын арттыру,ойындар арқылы еңбекке баулуға арналған | Алдабергенова Р.П. |
| 7 | Приобшение детей дошкольного возвраста к тетрализованной деятельности | Приобшение детей к тетрализованный деятельности способстувует освоение ребенком мира человечечких чувств и коммуникативных навыков,развитию способности к сопереживанию. | Елеманова Ш.Е. |
| 8 | | | |

**Ұсыныс:**

1. Педагогтар авторлық бағдарламаларын дайындап, іс-тәжірибе таратсын

**Қортынды:**

1.Мектепке дейінгі мекеме компьютермен, интернет жүйесімен қамтылған.

2.Мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен анықталған нормативтерге сәйкес әдістемелік әдебиеттер саны жинақталған.

3.Әдістемелік база жағдайы, оқу-тәрбие үрдісінің жұмысы «қанағаттанарлық» деңгейде.

**Мектепке дейінгі мекемеде балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз орта құру.**

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында балабақшаның барлық топ бөлмелерінде, дәлізде, акт залда кіре беріс есіктер мен балабақша ауласының аумағында толық бейнебақылау камералары қондырылған. Балабақшаның бөлмелері жарық пен жылумен қамтамасыз етілген. Бұл балалардың қауіпсіздігі үшін жасалған игі істер. Тәртіппен тәрбиенің ұштасуы қауіпсіз қоғамды қалыптастырады. Балалар қауіпсіздігін басты назарға ала отырып, білім беру жағдайларын жасау балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім дағдылары мен рухани жаңғыру бағдарламасын іске асыру мақсатында білім беру бағыттарын кіріктіріп, заттық кеңістікті дамытушы ортаны жабдықтауға, инновациялық әдістермен технологияларды қолдана отырып балалардың қажеттілігін қанағаттандыруға аса мән берілген.

«Физикалық дағдыларды дамыту » бойынша: Физикалық дамыту дене шынықтыру және дене белсенділігі ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы тәрбиеленушілердің қызығушылықтары ,қажеттіліктері,жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып,күні бойы ойын түрінде балалар әрекетінде жүзеге асырылады.

«Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту» бойынша: математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы күн сайын ойын түрінде балалардың түрлі әрекеттерінде жүзегеасырылады.

«Коммуникативті дағдыларды дамыту» балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып,сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет ұйымдастырылған іс-әрекеттер арқылы ойын түрінде

ұйымдастырылады.Әлеуметте қарым-қатынас жасау үшін тілді меңгеру және коммуникативтік дағдыларды дамыту.

"Шығармашылық дағдыларын зерттеу іс-әрекетін дамыту".Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту,сурет салу,мүсіндеу,жапсыру,құрастыру,музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы балалардың қызығушылықтарын ескере отырып,күн сайын ойын түрінде түрлі балалар әрекетінде іске асырылады.

Әлеуметтік-эмоциалнальды дағдыларды қалыптастыру қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы ойын түрінде түрлі балалар іс-әрекеттерінде күн сайын іске асырылады.Әлеуметтік-мәдени нормаларға,қоғам және мемлекет ,отбасы дәстүрлеріне тарту.

**Қорытынды мен ұсыныстар:**

1. Барлық топтарда МЖМБС бойынша барлық дағдыларды меңгерту ойын іс-әрекеттері дамытушы орталықтарымен жабдықталған

Әдістемелік қызметті, оқу-тәрбие процесін жетілдіру мақсатында, келесі ұсыныстар беріледі:

1.Дене шынықтыру ҰОҚ-не қажетті жаңашыл спорттық құралдармен қамтамасыз ету.

2. Музыка бөлмесі ұлттық музыкалық аспаптармен толықтырылсын.